Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология және әлем тілдері факультетінде *6D020700 – "Аударма ісі"* мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Жапарова Асемжан Жапарқызының **«Абай поэзиясындағы метафора және оның орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары: салыстырмалы талдау»** атты диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламаларымен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Ұлы қазақ ақыны Абай Құнанбаевтың шығармашылығын жан-жақты зерттеулердің керектігі анық. Жыл сайын Абай поэзиясына деген қызығушылық шет елдерде, батыс және шығыс мемлекеттерінде артып келеді, Абай шығармаларының жаңа аудармалары пайда болады. Бұл тұрғыда, әрине, жаңа аудармалар мен Абай поэзиясын әлем халықтарының әр түрлі тілдеріндегі аудармаларын талдау мен сараптау, бағалау ерекше ғылыми маңызға ие. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының президенті Қ.Тоқаевтың 2019 жылғы 30 мамырда қол қойған жарлығы бойынша Абайдың туғанына 175 жыл толуына байланысты оның шығармаларын дәріптеу, әлемге танымал етуге қосымша ықпалын тигізуі, әдебиеттану, аударматану, лингво-философиялық және басқа да ғылыми талдау тұрғысынан қарастыруы маңызды екенін айтып кету керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан" атты мақаласында "Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы − қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге. Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен билік, тіл мен қарым-қатынас туралы айтқан ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де маңызын жоғалтпайды. Өйткені ақынның мұрасы − бүкіл адамзат баласының рухани азығы" − деп ой түйіндеді. Осы мәселеге орай зерттеліп отырған тақырыптың маңыздылығы арта түседі.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі Абай шығармашылығындағы метафоралық жүйені зерттеу, оның басқа қазақ ақындарының шығармашылығынан айырмашылығын айқындау, Абай авторлық әлемінің бейнесін көрсету, оның әдеби шығармаларының орыс және ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктерін зерттеу отандық аударматану және әдебиеттану салаларының дамуына суранысы мол еңбек болып табылады.

Сонымен қатар, Абайдың метафоралық ойлау саласындағы жаңашылдығын қарастыру да өте маңызды болып саналады. Абай поэзиясын

үш тілде салғастырмалы түрде талдау, зерттеу Қазақстан Республикасының тілдік саясатына сай және Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасы, 2015-2020 жылдарға арналған Үш тілді білім берудің Жол картасы сияқты мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру аясында тіл саясатын табысты жүзеге асыруға қосымша серпін беретіні де анық.

2. Диссертацияларға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертация кіріспеден, анықтамадан, үш тараудан, қорытынды және пайданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жұмысының құрылымы, мазмұны, тілі, қажетті әдебиеттерді қолдану дәрежесі, ғылыми зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастыруы, диссертацияның көлемі докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Диссертацияның теориялық тұжырымдары жалпы тіл біліміндегі, аударматанудағы зерттеулерге сүйене отырып жазылған. Ізденуші тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектердегі тұжырымдар мен қағидаларға сүйеніп, арнайы жүргізілген тәжірибелік жұмыстар ұйымдастыру арқылы төмендегідей жаңалықтарға қол жеткізген:

– Метафора – поэтикалық жүйенің ең басты құрылымдық бірлігі болып табылатын Абай поэзиясының негізгі тропы және оның өзіндік ерекшеліктері бар, сондықтан орыс және ағылшын тіліне аударуда белгілі бір қиындықтар туындайды.

– Абай шығармаларындағы метафоралары коннотативті, эстетикалық, философиялық, философиялық-эстетикалық, философиялық-экспрессивті, экспрессивті, символдық қызметтерді атқарады, олар ақын өлеңдерінде жүйелі және мәнмәтіндік мағынаға ие, осы факторлар аудармашыларға белгілі қиындықтар туғызады.

– Абайдың поэтикалық шығармаларындағы метафораның орыс тіліндегі түрлі аудармаларын салыстырмалы-салғастырмалы талдау кезінде М.Петровых, Ю.Нейман, А.Штейнберг, А.Арго, А.Гатов, Д.Бродский, М.Зенкевич, Вс.Рождественский, М.Адибаев секілді аудармашылардың метафораны теңеумен аудару, сөзбе-сөздік, метафораны дамыту әдісімен беру және т.б тәсілдерді қолданғандығы анықталды.

– Абай метафораларының орыс тіліндегі аудармалары, негізінен, мына трансформациялар арқылы жүзеге асқан: калькалау, нақтыландыру, жалпыландыру, мағыналық дамыту, өтеу (компенсация), түсіріп тастау, сөз қосу, экспликация, сөзбе-сөз аударма. Аталған аударма трансформация түрлері ағылшын тіліндегі аудармаларға да қатысты. Өзгешелігі: ағылшын

тіліндегі тәржімаларда антонимдік аудармалар орын алған. Ал жалпыландыру (генерализация) мен өтеу (компенсация) кездеспейді.

– Ағылшын тілі аудармалары сатылы аударма, яғни ортадағы дәнекер тіл – орыс тілі арқылы жүзеге асады. Орыс тілі аудармасындағы кеткен қателік ағылшын тілінде де көрініс табады. Алайда ағылшын тілінің аудармашысы өленді орыс тіліндегі дайын аударма нұсқадан емес, жолма-жол аудармадан тәржімаласа, әрі аудармашы жан-жақты білімді болып, Абайдың негізгі ойын түсінсе, аударма барабар шығуы мүмкін.

– Ақынның айтар ойын және метафораларды қолдану аясын дұрыс түсінбеу салдарынан, Абай метафоралары орыс, ағылшын тілдеріне аудару барысында кеткен кемшіліктер көп, мысалы метафораны түсінбеу салдарынан тек бір метафора емес, тұтас бір шумақ аудармада қалдырылып кетеді.

– Абай метафораларын аудармас бұрын мәтінді аудару алдындағы талдау жасаған жөн: ақын өленінің шығу тарихынан хабардар болу; ақын қолданысындағы метафораның түрін анықтау; метафораның семантикасы, этимологиясына мән беру және т.б.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Зерттеуші жеті пункттен тұратын тұжырым ұсына отырып, жұмыстың үш бөлімінде осы тұжырымдардың мазмұнын толық ашқан. Зерттеу жұмысының түйіндері тиянақты және дәлелді.

Бірінші және екінші ғылыми жаңалық бойынша: Абай поэзиясындағы дәстүрлі метафоралардың түрлену ерекшеліктері көрсетілген, ақындық авторлық метафораларының мазмұндық сипаты берілген. Сонымен қатар, Абай шығармаларындағы авторлық метафоралардың қызметі көрсетілген.

Жұмыстың үшінші және төртінші ғылыми жаңалығы бойынша: Абай өліндеріндегі метафоралардың орыс тіліндегі аударма нұсқалары тұпнұсқамен салыстырмалы-салғастырмалы түрде қарастырылған. Орыс тілге аударудағы қолданылатын аударма трансформациялары түрлері сарапталған: оның ішінде калькалау, нақтыландыру (конкретизация), жалпыландыру (генерализация), модулдеу немесе мағыналық дамыту, сөзбе-сөз аударма немесе синтаксистік ұқсастық, экспликация немесе сипаттамалы аударма, өтеу, орнын толтыру (компенсация), қосу (добавление), түсіріп тастау (опущение) және т.б. дәстүрлі аударматануда қолданылатын әдіс-тәсілдер қарастырылған. Сонымен қатар, зерттеу барысында аудармашы М. Адибаевтан сұхбат алынған, оның Абай шығармашылығындағы ерекше менталды энергетикасы бар болғаны туралы қорытынды жасалғандығы көрсетілген.

Бесінші тұжырымның негізделуі және шынайылығы аталған проблемаға қатысты ғылыми теориялық зерттеулермен және жүргізілген практикалық сараптамалармен дәйектелген. Автор зерттеліп отырған мәселенің негізгі қайшылығы – Абай шығармаларын ағылшын тіліне аударуда орыс тілі дәнекер тілі болғанын қарастырған. Осының салдарынан Абайдың негізгі ойын түсіндіру үшін түпнұсқа тілді білу керектігін дәлелдеуге тырысқан.

Жұмыстың алтыншы және жетінші ғылыми жаңалығы бойынша: аударматану саласының негізгі мәселелеріне сүйене отырып зерттеуші Абай метафораларын дұрыс түсінбеу, аудармашының белгілі ая үстіндегі бедер білімі болғамағандықтан туған ойтқылықтарды қарастырған, оларды шешу жолдарын көрсеткен. Оның ішінде, ақынның өмірбаянын, өленнің шығу тарихын, метафораларын қырын түсіну арқылы ғана толық және анық аудурмаға жету мүмкін екендігі тұжырым ретінде қабылданған.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі қойлынған талаптарға сай болып келеді.

Бірінші нәтиже ізденуші тарапынан жасалған жаңалық болып табылады. Себебі, зерттеу жұмысының бірінші тарауында талқыланған мәселелері танымдық лингвистика, аударма теориясы мен практисы салаларына сүйене отырып қарастырылады, яғни Абай шығармаларының аударма ерекшеліктерінің негізігі сипаты ашылды.

Екінші нәтиже жаңа болып табылады. Жұмыста Абай метафораларының әр түрлі қызметтері және олардың жүйелілігі аудармашыға қиындық туғызу мәселелері дәлелденген.

Үшінші нәтиже біршама жаңа болып табылады. Өйткені, диссертацияда қарастырылған аударма тәсілдері бұрыннан аударма теориясы мен практикасында берілген. Бірақ олардың Абай поэтикалық метафораларын аударудағы амалдары ретінде жіктеліп іріктелуі зерттеушінің негізгі жұмысы болып табылады.

Төртінші және бесінші нәтижелер жаңа болып табылады. Бұл нәтижелерде зерттеуші Абай поэзиясының ағылшын тіліне аударылу ерекшеліктерін көрсетеді және бұл аударуда орыс тілі дәнекер тіл болмауы жайлы қорытынды жасайды.

Алтыншы және жетінші нәтижелер жаңа болып табылады. Диссертант ақынның өмірбаянын, өленнің шығу тарихын, метафораларының қырын түсіну арқылы ғана толық және анық аудармаға жету мүмкін екендігі тұжырым ретінде қабылданған.

Сонымен, диссертанттың диисертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін талаптарға толық жауап береді.

5. Алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы.

Диссертациядағы алынған нәтижелер аударма теориясы және практикасы, әдебиеттану, салғастырмалы тіл білімі, лингвомәдениеттану, психолингвистика салалары бойынша теориялық мәселелерді шешуде ғылыми негіз болады деп санаймыз. Зерттеу жұмысында берілген аударманың жіктелуі мен нәтижелері аударматану, Абайтану, әдеби компаративистиканың дамуына үлкен үлес қосады.

Жазылған жұмыс практикалық тұрғыдан бағалы еңбек екендігі даусыз. Себебі жұмыс тұжырымдарын аударматану бойынша оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулықтарды жазу кезінде, «Аударматану», «Абайтану» т.б. арнайы курстарда өтілетін дәрістер мен семинар сабақтарында пайдалануға болады.

Сонымен қатар талдау нәтижелерін элективті курстарда көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған мақалалар саны мен көлемі Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым саласындағы қадағалау мен аттестаттау комитеті қоятын талаптарға сай келеді. Диссертация нәтижелері бойынша 14 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 3 мақала, халықаралық конференцияларда 5 мақала, ҚР БҒБ Білім және Ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 6 мақала жарияланды.

7. **Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Жұмыстың орындалуы диссертацияға қойылатын теориялық-әдіснамалық талаптарға толығымен жауап береді. Дегенмен, кейбір сын-ескертпелерді атап өткенді жөн санаймыз.

1. Зерттеу жұмысында берілген көптеген кестелер мен суреттер ізденушінің қол жеткізген нәтижесі мен тұжырымы дәлелі ретінде қабылдауға болады. Кестелер мен суреттерді топтап, кестелерге орналастырып, бөлек қосымша ретінде ұсынуға мүмкіндік бар еді. Келешекте аталмыш кестелердің

материалдарын қолданып әдістемелік құрал жариялауға ұсыныс жасаймыз.
2. Анықтамадағы (глоссарий) термин сөздердің қатарын толықтыра түссе дұрыс болар еді.
3. Диссертацияның кейбір жерлерінде жаңылыс жазу, әріптік қателер кездеседі. Мысалы: "салыстырмалы-салыстырмалы" (6 б.); "метафоры-фрекванталии" (24 б.), т.б.

Бірақ бұл айтылған ескертпелер Жапарова Асемжанның диссертациялық жұмысының құндылығын еш төмендетпейді және кеңес беру ретінде ұсынылған.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

А.Ж. Жапарованың «Абай поэзиясындағы метафора және оның орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары: салыстырмалы талдау» атты диссертациясы жоғары деңгейде жазылған. Ізденуші ғылыми нәтижелерін көрнекі түрде көрсетіп, Абай поэзиясындағы метафораның табиғаты және оны орыс, ағылшын тілдеріне аудару ерекшеліктерін арнайы қарастырған, қазақ және салғастырмалы тіл біліміне, әдебиеттану, аударма теориясы мен практикасына өзіндік үлес қосқан зерттеу және практикалық маңызы бар жұмыс деп есептейміз.

А.Ж. Жапарованың жұмысын *6D020700 – Аударма ісі* мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептейміз.

Пікір беруші:
ресми рецензент
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің орыс филологиясы
және әлем әдебиеті кафедрасының
профессор м.а.,
филология ғылымдарының кандидаты С.Қ.Сансызбаева

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенова
«_____» _____ 20____